



БЕКІТЕМІН

Астана қаласы әкімдігінің

"Жоғары медициналық колледжі" ШЖҚ

МКК директоры

А. Саржанова

08 2023 г.

Жатақханада тұру ережелері

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығы «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы», ҚР БҒМ 2018 жылғы 19 қазандағы №581 «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №66 «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының жатақханаларында орын бөлу ережелері» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығына сәйкес әзірленген.

1.2. Жатақхана Астана қаласы әкімдігінің "Жоғары медициналық колледжі" ШЖҚ МКК балансына берілген, колледждің негізгі құралдарына жататын сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары (бұдан әрі - жатақхана) негізінде иеліктен шығаруға жатпайтын мемлекеттік мүлік болып табылады.

1.3. Жатақхана студенттерге жоғары медициналық колледжінде оқу мерзіміне уақытша тұру үшін ұсынылады.

2. Жатақханаға орналасу тәртібі

2.1. Білім алушыларды орналастыру «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидаларына» сәйкес Комиссия шешімінің негізінде жүргізіледі, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

- 1) ұйым басшысының атына жатақханадан орын беру туралы өтініш беру;
- 2) www.egov.kz веб-порталында көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында жатақханадан орын беру туралы өтініш;
- 3) бұдан әрі ақылы жалдау (жалға алу) шартын (бұдан әрі-жалдау шарты) не заңнамада белгіленген санаттарға жататын адамдарды жатақханаға орналастыру туралы шартты жасасу арқылы жүзеге асырылады.

2.2. Мүмкіндігі шектеулі адамдар санатына жататын азаматтарға, мүгедектер, бала жастан мүгедектерге, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларға жатақханадан орын тегін беріледі.

2.3. Кәмелетке толмаған тұлғалар орналастырылған жағдайда Жалдау шарты ата-анамен немесе басқа да заңды өкілдермен жасалады.

2.4. Студенттер орналасқан кезде төсек-орынмен, жұмсақ және қатты құрал-сайманмен қамтамасыз етіледі.

2.5. Жатақханада тұру мен қызметтердің баға көрсеткіші оқу жылы ішінде инфляция мен іс жүзіндегі шығындарға байланысты өзгеруі мүмкін.

3. Жатақханада тұратын студенттердің міндеттері

3.1. Студенттер:

- 1) жатақханаға кірген кезде міндетті түрде рұқсат қағазын көрсету;
- 2) жатақханада тұру ақысын уақтылы төлеу;
- 3) тұрғын бөлмелерді, секцияларды, жалпы пайдалану орындарын тиісті санитарлық жағдайда ұстау;
- 4) күн сайын тұрғын үй бөлмелері мен секцияларда ылғалды жинау жүргізіп желдетіп отыру;
- 5) бекітілген құрал-сайманның (оның ішінде пластик есіктердің, терезелердің), электрлік су жылытқыштардың сақталуын қамтамасыз ету және материалдық залал келтірілген жағдайда оны нарықтық (номиналды) құны бойынша өтеу немесе үш күн мерзімде ауыстыру;
- 6) электр энергиясы мен суды үнемдеп жұмсау;
- 7) колледж әкімшілігі мен жатақхана қызметкерлерінің секцияға, бөлмеге тәуліктің кез келген уақытында кіруін қамтамасыз ету;
- 8) өртке қарсы қауіпсіздік қағидаларын сақтау;
- 9) электр және сантехникалық құрал-жабдықтардың ақаулары туралы жатақхана әкімшілігіне уақтылы хабарлау;
- 10) жатақханадан шыққан кезде вахтаға кілттер тапсыру;
- 11) Жатақханадан шығу кезінде «Жатақханадан шығару тәртібі туралы» бұйрыққа сәйкес белгіленген тәртіпті ұстану;
- 12) демалыс күндері, мереке күндері және каникулдарға шығу кезінде күрделі тазалау жұмыстарын жүргізу және бөлмелерді, секциялар мен санитарлық тораптарды тиісті санитарлық жағдайда тапсыру;
- 13) Шығу кезінде баратын жердің толық деректерін көрсетіп кету (мекен-жайы, байланыс телефоны);
- 14) сағат 22:00-ге дейін жатақханаға келуге **міндетті**.

4. Тыйым салынады

- 4.1. Өз бетінше бір секциядан басқасына, бір бөлмеден басқа бөлмеге көшуге;
- 4.2. Орын берілген (секциялық типтегі) тұрғын бөлмелерде тамақ әзірлеуге;
- 4.3. Орын берілген (секциялық түрдегі) тұрғын бөлмелерде кір жаюға;
- 4.4. Студентке бекітіліп берілген құрал-жабдықтарды жатақхананың тұрғын бөлмелері мен тұрмыстық үй-жайларында өз еркімен қайта орнатуға;
- 4.5. Жатақхананың орын берілген (секциялық үлгідегі) тұрғын бөлмелерінде және жалпы пайдаланудағы әлеуметтік-тұрмыстық орындарында өз еркімен жөндеу, қайта жасау жұмыстарын жүргізуге;
- 4.6. Тұрғын бөлмелерде (секциялық үлгідегі) электр шәйнектерін, үтіктерді, қолдан жасалған электр плиталарын, газ плиталарын және басқа да өрт қауіпті аспаптарды пайдалану;
- 4.7. Айналадағыларға қауіпті жарылыс қауіпі бар заттарды және басқа да пиротехникалық, өздігінен жанатын бұйымдарды әкелу және қолдануға;
- 4.8. Әр түрлі қасақана әрекеттермен күзет-өрт дабылы жүйесін іске қосу, сол арқылы жалған дабыл жасауға;
- 4.9. Жатақханаға бөгде адамдарды әкелуге;

4.10. Бағалы нәрселерді, ұялы телефондарды, акшаны қараусыз қалдыруға (Жатақхана әкімшілігі жатақханада тұратын студенттердің өз жеке нәрселеріне немқұрайлы қарау салдарынан жоғалған мүлкі үшін жауапты емес);

4.11. Қоғамдық тәртіпті бұзуға, төмендегі құқық бұзушылықтарды жасауға:

- 1) алкоголь тұтыну, сондай-ақ алкогольдік (не есірткілік) әсер ету жағдайында келуге;
- 2) темекі бұйымдарын пайдалану (не электрондық темекіні пайдалану);
- 3) кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде немесе тұрғын жайдан тыс жерлерде болуға;
- 4) құмар ойындарға қатысу, тарту немесе рұқсат беруге;
- 5) күш қолданып, қоғамдық тәртіпті бұза отырып, бұзақылық әрекеттер жасау не күш қолданамын деп қорқытуға;
- 6) біреудің мүлкін жою немесе бүлдіруге;
- 7) жатақханада бірге тұру нормаларын бұзатын әдепсіз іс-әрекеттер және өзге де құқық бұзушылықтар жасауға;
- 8) заңсыз саяси (не діни сипаттағы) үгіт жүргізуге;
- 9) заңсыз ақша жинаумен айналысуға;
- 10) жатақхана аумағында коммерциялық қызметпен айналысуға;
- 11) есірткі құралдарын, құрамында психотроптық заттар бар дәрілерді дайындауға, өңдеуге, сатып алуға, сақтауға, тасымалдауға, жіберуге, тұтынуға **тыйым салынады**.

4.12. Түнгі уақытта тыныштықты бұзу (сағат 22:00 кейін);

4.13. Жатақхананың басқа секцияларына (тұрғын бөлмелеріне) бару.

5. Марапаттау және жазалау

5.1. Жатақхананың қоғамдық өміріне белсенді қатысқандары үшін келесі мадақтау шаралары қолданылуы мүмкін:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) материалдық марапаттау;

5.2. Осы Ережені бұзғаны үшін келесі жазалау шаралары қолданылады:

- 1) Ескерту;
- 2) Сөгіс;
- 3) Қатаң сөгіс;
- 4) Жатақханадан шығару.

5.3. Төменде көрсетілген жағдайларда жатақхана меңгерушісі, тәрбиешілердің қатысуымен Студенттер кеңесінің шешімі бойынша Ескерту шығарылады:

- 1) Тұратын бөлмелерді, бөлімдерді, жалпы қолдану орындарын қалыпты санитарлық жағдайда ұстамағаны үшін;
- 2) Колледж әкімшілігі мен колледж қызметкерлерін тәуліктің әр уақытында бөлімге, бөлмеге кіруін қамтамасыз етпегені үшін;
- 3) Жатақханадан шыққан кезде кілтті вахтада қалдырмағаны үшін;
- 4) Колледж директорының «Жатақханадан жазылып шығу тәртібі туралы» бұйрығын сақтамағаны үшін;
- 5) Өз еркімен бір бөлімнен басқасына, бір бөлмеден басқасына көшкендері үшін;
- 6) 22:00-ден кейін тыныштықты бұзғаны үшін;

7) Жатақхана жабылғаннан кейін кешіккені үшін.

5.4. Сөгіс жатақхана меңгерушісі, тәрбиешілердің қатысуымен студенттер Кеңесінің шешімі бойынша шығарылады:

- 1) Тұратын бөлмелерді, бөлімдерді, жалпы қолдану орындарын қалыпты санитарлық жағдайда қайта (екінші рет) ұстамағаны үшін;
- 2) бекітілген төсек орын және басқа да мүліктің сақталуын қамтамасыз етпегені үшін, материалдық шығын келтірілген жағдайда нарық (номиналды) құны бойынша қалпына келтіруге немесе 3 (үш) күндік мерзімде ауыстыруды жүргізбегені үшін;
- 3) жатақханадан колледж директорының «Жатақханадан шығу тәртібі туралы» бұйрығын қайта (екінші рет) сақтамағаны үшін
- 4) 22:00 сағаттан кейін тыныштықты қайта (екінші рет) бұзғаны үшін;
- 5) жатақхана жабылғаннан кейін қайта (екінші рет) кешіккені үшін.

5.5. Қатаң сөгіс директордың ТЖ жөніндегі орынбасары, жатақхана меңгерушісі, тәрбиешілердің қатысуымен студенттер Кеңесінің шешімі бойынша сынып жетекшілердің қатысуымен шығарылады:

- 1) Бекітілген төсек орын және басқа да мүліктің сақталуын қайта қамтамасыз етпегені үшін, материалдық шығын келтірілген жағдайда нарық (номиналды) құны бойынша қалпына келтіруге немесе 3 (үш) күндік мерзімде ауыстыруды екі мәртеден артық жүргізбегені үшін;
- 2) Тұратын бөлмелерді, бөлімдерді, жалпы қолдану орындарын қалыпты санитарлық жағдайда ұстамағаны үшін екі мәртеден артық ескерту алғаны үшін;
- 3)) Колледж директорының «Жатақханадан жазылып шығу тәртібі туралы» бұйрығын екі мәртеден артық бұзғаны үшін;
- 4) 22:00 сағаттан кейін тыныштықты екі мәртеден артық бұзғаны үшін;
- 5) Жатақхана жабылғаннан кейін бірнеше мәрте кешіккені үшін.

5.6. Жатақханадан шығару туралы сұраныс жатақхана меңгерушісі, тәрбиешілердің қатысуымен студенттер Кеңесімен төмендегі себептермен құқықбұзушылықты алдын алу бойынша Кеңеске қарастырылуға шығарылады:

- 1) Өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін сақтамағаны үшін (жылытқыш аспаптарын, электр құралдарын қолданбауға, электр шәйнектердің астарын және басқа да электр аспаптарын жүйеге қосулы қалпында қалдыру).
- 2) Электр сымдарына жөндеуді өз еркімен жүргізгендері үшін;
- 3) Қолдан жасалған плиткаларды, газ плиталарын, примустармен, керосиндермен және басқа өрт қауы бар аспаптарын қолданғаны үшін;
- 4) Жатақханаға бөтен адамдарды кіргізгені үшін;
- 5) Жатақханада бөтен адамдарды қалдырғаны үшін;
- 6) Мас күйінде келгені үшін;
- 7) Жатақханада ішімдік ішкені үшін;
- 8) Есірткілік мас күйінде келгені үшін;
- 9) Есірткі заттарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды дайындауға, өндеуге, алуға, сақтауға, тасымалдауға, сатуға, қолданғаны үшін;
- 10) Жатақханадағы ұрлық жасағаны үшін;
- 11) Бопсалаушылық жасағаны үшін;
- 12) Қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін (білім беру ұйымының қызметкерлеріне, жатақхана тұрғындарына күш көрстеіп зорлық-зомбылық жасау);

- 13) темекіні, оның ішінде темекі қоспаларының электрондық сигареттерінің барлық түрлерін пайдалану (темекі шегу), сондай-ақ «насыбай» шегетін емес затты пайдалану;
- 14) Бекітілген жұмсақ төсек орын және басқа да мүліктің сақталуын қамтамасыз етпегені үшін, материалдық шығын келтірілген жағдайда нарық (номиналды) құны бойынша қалпына келтіруге немесе 3 (үш) күндік мерзімде ауыстыруды жүргізбегені екі мәртеден артық анықталған болса;
- 15) Тұратын бөлмелерді, бөлімдерді, жалпы қолдану орындарын қалыпты санитарлық жағдайда ұстамағаны үш мәртеден анықталған болса;
- 16) «Жатақханадан шығу тәртібі туралы» бұйрығын бірнеше мәрте сақтамағаны үшін;
- 17) 22:00 сағаттан кейін тыныштықты бірнеше рет бұзғаны үшін;
- 18) Жатақхана жабылғаннан кейін жүйелі түрде бірнеше мәрте кешіккені үшін.

5.7. Жатақханадан шығару директордың бұйрығына сәйкес қол қойылған және студенттің бұйрықпен таныстырылған күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі.